

Абыз ғұмыр айшықтары

Биыл көрнекті ғалым-академик, ағартушы-ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Зейнолла Молдахметұлы Молдахметов 90 жастың толағай биігіне көтеріліп отыр. Ғасырға жуық ғұмырдың ғибратты жолы отандық ғылым тарихында өз бедерін қалыптастырды. Ең бастысы - Молдахметов мектебі деген өнегелі, өміршең ұғым ұрпақ санасынан берік орын алды.

А.А.Аманжол

Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Ебіней Бөкетов сияқты алыптар тобының сонарлы соқпағын ХХІ ғасырға алып келген Зейнолла Молдахметұлының ұлттық ғылымға қосқан еңбегі өлшеусіз. Қазіргі таңда Зейнолла ағамыздың бірнеше буын зейінді шәкірттері тәуелсіз еліміздің сан саласында жемісті еңбек етіп, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өздерінің сүбелі үлестерін қосуда. Ұстаз шәкіртімен ғұмырлы деген сіра, осы болар.

Жаңа Қазақстан соны белеске бет бұрды. Ел Тәуелсіздігін жариялаған тұста Зейнолла Молдахметұлы нағыз кемел шағында еді. Мұны айтып отырғанымыз, Зекең тәуелсіз еліміздің іргесі нығайып, отандық ғылымның кемелденуіне аттай отыз жыл ғұмырын бағыштапты. Жүздің бірі жете алмайтын, адамзат өмірінің ең биік қиясы, мұзарт шыңына балайтын тоқсанның торқалы биігіне көтерілген Зекеңнің өмір жолы өнегеге толы.

1933 жылдың сегізінші тамызында Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Октябрь ауылында дүниеге келген нәрестені Зейнолла деп атапты. «Зейіні мықты, жады жақсы болсын!» деген ырым да болуы мүмкін. Шын мәнінде бала Зейнолла басқаларға қарағанда бөлектеу еректеу болып өсті. Табиғаттың тосын құбылыстарына құлақ түріп, жылт еткен жаңалыққа қызыға қарайтын. Қоршаған ортасы, айналасындағылар Зейнолланың зейініне таңғалатын. Сөйтіп жүріп ауыл мектебін бітірген.

Бұл уақыт - 1950 жылдар болатын. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі елдің есін жиып, экономиканың енді-енді көтеріліп келе жатқан шағы еді. Қай салаға болсын жастар, жас мамандар қажет болды. Жас Зейнолла да арманын арқалап, алыс Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы Нәзік химия технологиялар институтының физика-химия факультетіне құжат тапсырып, оқуға түседі. Жат жер, бөтен аймақта бір жылдай оқыған ауыл баласы туған жерін, өскен елін аңсап, сағынғандықтан, ендігі оқуын Алматыда жалғастырғысы келіп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына ауысады. Оны 1956 жылы тәмамдап, бір кезде өзі оқуын бастаған Мәскеудегі Нәзік химия технологиялар институтының аспирантурасына түседі. Ғылымға бет бұрған арманшыл жас аталмыш ғылым ордасын 1962 жылы аяқтайды. Алғашқы еңбек жолын өзі оқыған мектептің физика пәнінің мұғалімі болып бастайды. Онан кейін Қазақ мемлекеттік университеті, Целиноград педагогикалық институты, Қарағанды мемлекеттік университеті секілді жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызметтер атқарып, тәжірибе жинақтап, білім мен ғылым

саласының қыр-сырына қанығады. 1972 жылы химия ғылымдарының докторы атанып, 1974 жылы профессор атағы беріледі. Педагогтік қызметте әбден ысылған тәжірибелі маман 1975 жылы Қазақ химия-технология институтының ректоры болып тағайындалады. Бұл басшылық қызметті 1980 жылға дейін бес жыл атқарады. Мамандығы физик-химик болғандықтан, өз саласының білгірі ретінде химия-технологияны барынша дамытуға көп үлесін қосады. Физика, химия салалары бойынша бірнеше мақалалары мен оқулықтары жарыққа шығады. Ашқан жаңалықтары өндірісте пайдаланылады.

1980-1988 жылдар арасында Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болып қызмет етті. Университет тарихында алғашқы басшы Е.Бөкетовтен кейінгі екінші ректор болып сегіз жыл абыройлы қызмет жасады. Қарағанды мемлекеттік университетіне қалай келгенін академик Зейнолла Молдахметов былайша еске алады: «Кезекті еңбек демалысына кеткелі жүргенмін. Таңертең жұмысқа келсем, министрдің бірінші орынбасары Колесников телефон соғып, Алматыға келуімді өтінді. Сөзінде бір қапылыс бар. Мен таңғалып, «бұл қалай, министрдің рұқсатын алғанмын, бала-шағаммен демалуға кетіп барамын» дегеніме: «Сізбен министрдің сөйлескісі келеді» деп, келуімді талап етті. Содан мені министрге емес, Орталық Комитетке бірден алып барды, бар мән-жайды сол жерде ұқтым, «Қарағанды университетіне ректор болып барасыз» деген, өздері кесіп-пішіп қойған шешімдерін айтты. Менде шегінерге жер қалмады...»

Тек іште бір өкініш болып, көңіл-күй түсіп кеткен... Ебіней Арыстанұлының үміт күткен сүйікті шәкірттерінің бірі еді. Ебекеңді қудалап, жұмыстан кетіргенін де естіді. Осы қиналған сәтінде Ебіней ағасының өзі: «Батыр, еш ойланба, осында кел. Бұл орынға сен лайықсың» депті. Бір ауыз жылы сөзден қанаттанған жас ғалым ұстазының жақсы бастамаларын жалғастырып, ғылыми бағыттарын әрі қарай дамытуда зор еңбек сіңірді. Бұған бір дәлел, республика бойынша сол кезде екінші университет атанған Қарағанды мемлекеттік университеті Кеңес Одағына танымал болып, тіпті, алыс-жақын шетелдерге де даңқы тарай бастаған. Білім мен ғылымның сапасы артып, студенттердің санының көбеюіне де Зекеңнің ұйымдастырушылық қабілеті жақсы ықпал етті.

Ол кісі жайлы жарыққа шыққан бір дерекке көз жүгіртсек, мынандай жайларға қанық боламыз. «Зейнолла Молдахметұлы өзіне ғана тән жетекшілік қабілеті мен ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде, «Ректор әлемге аты танымал ғалым болуы керек пе, әлде талантты ұйымдастырушы

болуы қажет пе?» деген ежелгі дау-дамайға нүкте қойды. Қарағанды мемлекеттік университетінің материалдық символына айналған қазіргі физика-математика факультетінің оқу-лабораториялық корпусы, Студенттер мәдениет сарайы, оқытушыларға арналған сексен пәтерлік тұрғын үй, қаланың Оңтүстік-Шығысындағы университет қалашығы құрылысының қарқынды жүруі, биология факультеті ғимаратының құрылыс жұмыстарының басталуы - осының бәрі Зейнолла Молдахметұлының есімімен тығыз байланысты.

Осы кезеңдерде университеттің ғылыми-экспериментті базалары жетілдіріліп, ғылыми құрал-жабдықтар жаңартылып, толықтырылды. Университеттің күнделікті жұмысына қажетті жағдайлардың бәрі жасалды. Барлық сала бойынша мамандарды дайындау мәселесі ойдағыдай шешіле бастады. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау оқу-әдістемелік жұмыстарды дайындау, мамандар даярлау сапасын жақсарту - ректордың күнделікті назарында болатын мәселелерге айналды. Есте қаларлық тағы бір жай, университетте ойластырылып, іс жүзіне асырылған оқу-әдістемелері сол кездегі Кеңес Одағы жоғары оқу орындарында пайдалануға ұсынылды. Осы оқу-әдістемелік жұмыстар үшін Қарағанды мемлекеттік университеті Кеңес Одағы университеттері арасында жеңімпаз атанып, Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің медалімен марапатталды. Бұл марапат қазір құнсыз болғанымен, сол кезеңнің биік дәрежесі еді. Елдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тәжірибелері негізінде университет блокты-модульді тәсілдің және биіктікті бағындыру мен бағалаудың жаңа формасын енгізіп, студент біліміне баға берудің рейтингтік тәсілі іске асырылды. Университет аймақтағы алдыңғы қатарлы оқу-әдістемелік орталыққа айналды. Жоғары оқу орындары арасында халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық және оқу үдерісін ұйымдастыру проблемалары турасында конференциялар тұрақты өткізіліп тұрды. Аталған шараларды іс жүзіне асыру Зейнолла Молдахметұлының ректорлығы тұсында, оның ойлау жүйесін өзгертіп, көптеген мәселелерді шешудің ең қажеттісін айқындай білу қабілеті арқасында мүмкін болды. Осының барлығы түптеп келгенде университет ұжымында шығармашылық, іскерлік ахуалдың қалыптасып, республика, қалаберді ТМД кеңістігінде атының әйгіленуіне алып келді.

Зейнолла Молдахметұлы - өзі ұстанған принциптерге өте берік жан. Ел бағалаған жақсы қасиеті - қандай жағдайда да ең дұрыс, ең қажетті шешім қабылдай білетіндігі. Ол көп сөзді емес. Өмірдегі ұстанымы: «Істің мән-жайын айтудың ең жақсы формасы - сол істі тындыру. Көп жылдар қызметтес болғанда, біз Зейнолла Молдахметұлының осындай ерекшеліктеріне тәнті болдық», - дейді әріптестері.

Тағы бір деректе: «1980 жылы оқытушылар саны 502 болса, 1985 жылы 604-ке жетті. Мынау да көңіл аударарлық мәлімет:



1980 жылы 5 ғылым докторы болса, 1990 жылға дейін 13 адам докторлық қорғап, ғылым кандидаттарының саны 284-ке жетті, студенттер саны сегіз мыңға таяды. Не керек, ол университет абырой-беделінің бұрынғыдан да биік болуын қалады, әрі соған бар қабілет-қарымын, осыған дейін жиған-терген білімі мен іс-тәжірибесін, ақыл-парасатын аямай жұмсады», деген жолдар бар.

Зейнолла Молдахметұлы бүгінде жасы тоқсанға келсе де, өзінің күш-қуатынан айырылған жоқ, білім, ғылым жолында талмай еңбек етуде. Елімізде ғылым саласында болып жатқан соңғы жағдайларды, әсіресе, ел Президенті Қ.Тоқаевтың Ұлттық Ғылым академиясына қатысты реформаларын дұрыс қабылдап, өзіндік пікірін де білдірді. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің баспасында жарық көрген академиктерге қатысты еңбекте (құрастырушысы академик А.Ғазалиев, «ҚР Ұлттық ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімі: құрылу тарихы мен дамуы»), сонымен қатар, З.Молдахметұлының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында университет баспасынан жарық көрген жинақта Зекеңнің тау тұлғасы мен ғылым саласына сіңірген еңбегі жан-жақты баяндалады. Осыдан-ақ, ағамыздың биік беделін, ұлылардың арасын жалғастырушы көпір екендігін аңғара аламыз.

Жақында Зекеңнің халін білу мақсатында арнайы барып, біраз әңгімелестім. Бірқатар естеліктерімен бөлісті. Ел ағалары Ж.Бектұров, Ә.Сағынов, Т.Әбдіразақов, Е.Құлқыбаев, т.б. салып кеткен сара жолды біз жалғастырып, еңбектерін дәріптеп, солардың аманатын келешек жастарға жеткізуіміз керек деді. Әңгіме барысында мынадай бір қызықты оқиғаны да ілтипатпен айтып өтті: «Бірде Орталық Қазақстан ғылымының тағы бір абызы, академик, Еңбек Ері Әбілқас Сағыновпен Петропавл қаласына сапарлап бара жатқанда машинаның жүргізушісі рульге ие бола алмай, жолдың шетіне шығып кетіп, Әбекең шал-

барын жыртып, Зейнолла ағамыз аяғын сындырып алған екен. «Есімізді жиып, өз өзімізге келгенде Әбекең маған әзіл-шыны аралас, бір жағынан тәубемізге келейік дегені ме: «Сен, әлі жассың, аяғың тез арада жазылып кетеді. Ал, мен не істеймін? Шалбардың түрі мынау? Бұл қалай болады енді?» деп қарап тұр. Содан жөнге жығылып, бара сала костюм-шалбар сатып әпергенім бар. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген осы болар!» деп жылы күліп, өткен бір жағдайды еске алды.

Академик Зейнолла Молдахметұлы жайлы айта берсе, әңгіме таусылмайды. Абыз ғұмырдың айшықты кезеңдерін, атқарған қызметін, елге сіңірген ерен еңбегін, білім мен ғылымға қосқан зор үлесін шәкірттері аңызға айналдырды. Соның бір мысалы, қарағандылық ғалым, белгілі ақын Қойлыбай Асанұлы академик ағамыздың торқалы тоқсан жасына өлең арнаған екен, тобықтай түйін ретінде сол жырдың бірер шумағын келтіре кеткенді жөн көріп отырмын:

... Келсе де тоқсан жастың тамыз әні,
Бұл Зәкең сақи жұрттың саңлағы.
Кешегі Шоқан, Абай, Ыбырайдың
Жалғасып келе жатыр тамыры әлі.

Белгілі терең ойдың сарқылмасы,
Төрде ғой азаматтың алтын басы,
Алаштың абыз-шерін еске салар
Зейнолла ағамыздың нар тұлғасы.

Академик - абыздың баламасы,
Дананың - мыңға татыр дара басы.
Биікке қанат қаққан қырандайын
Алаштың зеңгір көгін аралашы...

Бүгінде тоқсанның төріне шыққан Са-
рыарқаның абызы, көшбасшысы, көрнекті ғалым, ардақты ақсақалдың ғасырға жақын ғұмыры ұзағынан болсын деген шәкірттік тілегімізді білдіреміз.

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің
Басқарма төрағасы-ректоры,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы,
профессор